

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы акционерлерінің  
жылдық жалпы жиналысында дауыс берудің қорытындылары туралы  
ХАТТАМА**

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам») акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – «Жиналыс») 2017 жылдың 14 ақпанында 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғ., 17, акт залы, 3-қабат мекен-жайында 10 сағат 30 минутта өткізілді.

Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері: Басқарма, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғ., 17.

Қоғамның жиналысында қатысып отырды:

1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тарапынан «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өндіріс жөніндегі департаменті директорының орынбасары, 43 087 006 дауыс беруші акциялардың иесі Тебериков Дамир Данилбекұлы (2017 жылғы 17 қаңтардағы № 110-39 сенімхат бойынша);

2. Deutsche Bank Trust Company Americas-тан («ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ депозитарлық банкі) Қоғамның 70 097 613 ауқымды депозитарлық сенімхатын құрайтын 11 682 902 қарапайым акцияларын білдіретін Аманжолова Айжан Айтбайқызы (2017 жылғы 8 ақпандағы нөмірсіз сенімхат бойынша) қатысты.

Жиыны: Жиналысқа қатысу және онда дауыс беруге құқығы бар Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан жиыны 80,9%-ға ие акционерлердің 2 өкілі, тіркелді және қатысты.

Акционерлер жиналысының кворумы бар.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында дауыс беруге қойылған мәселелер бойынша Қоғамның есептеу комиссиясы дауыс берудің мынадай қортындыларын шығарды:

**1. Жиналыстың төрағасын сайлау туралы.**

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Қоғам Жиналысының төрағасы болып «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өндіріс жөніндегі департамент директорының орынбасары Тебериков Дамир Данилбекұлы сайлансын.

**2. Жиналыстың хатшысын сайлау туралы.**

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

**Шешім қабылданды:** Қоғамның корпоративтік хатшысы Жексенбиев Айдар Нұрланұлы Қоғам Жиналысының хатшысы болып сайлансын.



**3. Жиналыста дауыс берудің тәртібі мен нысанын белгілеу туралы:**

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы 50-бабының 1-тармағына сәйкес дауыс берудің тәртібі; Қоғамның Жиналысында күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс берудің нысаны – ашық тәсілмен белгіленсін.

**4. Жиналыс жұмысының регламентін белгілеу туралы:**

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Қоғам Жиналысының мынадай жұмыс регламенті белгіленсін: күн тәртібінің мәселелері бойынша сөйлеушілерге - он минут дейін, жарыссөздерде сөйлеушілерге – бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есептеу комиссиясына - жеті минутқа дейін.

**5. Күн тәртібін бекіту туралы:**

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 54 769 908 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Жиналыстың мынадай күн тәртібі бекітілсін:

Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығыстарының өтемақысын төлеудің мөлшері мен талаптарын белгілеу.

**6. Жиналыстың мәжілісі күн тәртібінің «Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығыстарының өтемақысын төлеудің мөлшері мен талаптарын белгілеу» мәселесі бойынша**

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 8 324 820 дауыс;
- «Қарсы» - 46 430 364 дауыс;
- «Қалыс» - 14 724 дауыс.

**Жиналыс күн тәртібінің мәселесі бойынша шешім қабылданған жоқ.**

Есептеу комиссиясының мүшелері:

\_\_\_\_\_

Л. Нұрмағамбетова

\_\_\_\_\_

Г. Аяғанова



А. Әлиакпарова